

**«Қазақтың ақбас сиыр тұқымына 76 жыл:  
тарихи тәжірибе және селекциялық басымдықтар»**

МРНТИ 68.39.29

<https://doi.org/10.62724/202620509>

**Насамбаев Едиге<sup>\*1</sup>**

ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор,  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан,  
[nasamvaeve@mail.ru](mailto:nasamvaeve@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-0995-7832

**Жубантаев Изимгали Нурымович<sup>2</sup>**

ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,  
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан,  
[Zhubantayev@mail.ru](mailto:Zhubantayev@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-9218-5414

**Мальчевский Александр Юрьевич<sup>3</sup>**

ауыл шаруашылығы магистрі,  
Қазақтың ақбас тұқымының республикалық палатасы, Астана, Қазақстан,  
[malchevskii.alek@mail.ru](mailto:malchevskii.alek@mail.ru), ORCID ID: 0009-0007-3924-4140

**ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ,  
ЭВОЛЮЦИЯСЫ, ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада отандық қазақтың ақбас ірі қара малы тұқымын құру, оның эволюциясы, қазіргі жағдайы және болашақ даму перспективалары қарастырылған. Ет бағытындағы отандық тұқымды қалыптастырудың негіздемесі, қайта өндіре будандастыру кезінде бастапқы тұқымдарды таңдау, табиғи-климаттық жағдайларды ескеру мәселелері баяндалады. Сонымен қатар, қазақтың ақбас тұқымы шығарылған аймақта ет бағытындағы импорттық малдың, атап айтқанда герефорд тұқымының әртүрлі генотиптері мен әкелінген елдеріне байланысты бейімделу қасиеттері туралы материалдар келтірілген.

Сойыс малы топтарының ішінде жергілікті қырғыз (қазақ) малы экспортқа және шетелдік тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруға барынша қолайлы деп есептелгені атап өтіледі. Жергілікті қазақ ірі қарасы майды тек ішкі мүшелер мен ұшада ғана емес, бұлшықет талшықтарының арасында да жинақтау қабілеті үшін жоғары бағаланған, бұл етке мәрмәрлі көрініс берген.

Канададан әкелінген герефорд тұқымының жануарлары ағылшын герефордтарына қарағанда қатаң климаттық жағдайларға жақсы бейімделгені көрсетілген.

Нарықтың сиыр еті сапасына қойылатын өзгерген талаптарына сәйкес соңғы жылдары қазақтың ақбас тұқымының жаңа перспективалы зауыттық желілері, тұқымішілік және аймақтық типтері құрылды.

2026 жылғы 01.01 жағдайы бойынша Қазақстан Республикасының асыл тұқымды табындарында қазақтың ақбас тұқымының генетикалық әлеуеті 32 зауыттық желімен ұсынылған, жалпы асыл тұқымды мал басы 90 959 басты құрайды.

18–24 айлық жеті бұқашықтың тірілей салмақ көрсеткіштері элита және элитарекорд класы талаптарынан жоғары болды. Мысалы, «Галицкое» ЖШС-нің Ветеран 7880 зауыттық желісіне жататын KZS 180338765 нөмірлі «Порш» атты бұқашығының 19 айлықтағы тірілей салмағы 688 кг болды, ал «Анкатинский» ЖШС-нің Кактус 7969

АЗКБ-69 зауыттық желісіне жататын KZL 101461335 нөмірлі «Қайсар» атты бұқашығы 24 айлығында 610 кг тартып, элита-рекорд класынан 10 кг артық көрсеткіш көрсетті.

Қазіргі кезеңде қазақтың ақбас тұқымымен жүргізілетін жұмыстар оның генкорын жетілдіруге, құнды генотипті асыл тұқымды жануарларға деген сұранысты қамтамасыз етуге, жоғары өсу қарқыны мен тірілей салмақтың тұқым қуалайтын үйлесімі бар жаңа желілерді селекциялауға бағытталған. Оларды аймақтық деңгейде бірыңғай бағдарлама бойынша өсіру тұқымды ірі құрылымдық элементтерге жіктейтін және оның дамуын ынталандыратын аймақтық типтерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

**Кілт сөздер.** қазақтың ақбас тұқымы, өсіру тарихы, селекция, сұрыптау әдістері, жұп тандау, бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау, бақылау-сынақ станциялары.

### Насамбаев Едиге\*<sup>1</sup>

доктор сельскохозяйственных наук, профессор,  
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет  
Уральск, Казахстан, [nasamvaeve@mail.ru](mailto:nasamvaeve@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-0995-7832

### Жубантаев Изимгали Нурымович<sup>2</sup>

кандидат сельскохозяйственных наук, ассоциированный профессор,  
Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет,  
Уральск, Казахстан, [Zhubantaycv@mail.ru](mailto:Zhubantaycv@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-9218-5414

### Мальчевский Александр Юрьевич<sup>3</sup>

магистр сельского хозяйства,  
Республиканская палата казахской белоголовой породы, Астана, Казахстан,  
[malchevskii.alek@mail.ru](mailto:malchevskii.alek@mail.ru), ORCID ID: 0009-0007-3924-4140

## ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ, ЭВОЛЮЦИЯ, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ КАЗАХСКОЙ БЕЛОГОЛОВОЙ ПОРОДЫ

**Аннотация.** В статье изложены вопросы создания, эволюция, современного состояния и перспективы развития отечественной казахской белоголовой породы крупного рогатого скота. Дается обоснование создания отечественной породы мясного направления продуктивности, выбора исходных пород при воспроизводительном скрещивании, учёта природно-климатических условий, приводятся материалы адаптационных свойствах импортного скота мясного направления продуктивности, в частном герефордской, различных генотипов и стран завоза в регионе выведения казахской белоголовой породы животных.

Отмечается, что из всех групп убойного скота местные животные киргизского (казахского) скота считались наиболее подходящими для экспорта и удовлетворение пребывания зарубежного потребителя. Местный казахский крупный рогатый скот ценили за способность откладывать жир не только на внутренних органах и на туше, но также между мускульными волокнами, что придавало мясу вид мрамора.

Отличается что животные герефордской породы, завезенные из Канады лучше приспособлены к более суровому климату, чем английские.

В соответствии с изменившимися требованиями рынка к качеству говядины в последние годы были созданы новые перспективные заводские линии, внутрипородные и зональные типы казахской белоголовой породы.

По состоянию на 01.01.2026 года в племенных стадах генетический потенциал казахской белоголовой головы Республики Казахстан представлен животными 32 заводских линий с общим племенным поголовьем 90959 голов.

Показателем живой массы семи бычков в возрасте 18-24 превышали требования классов элита и элита-рекорд. Так, живая масса бычка KZS 180338765 кличка «Порш» заводской линии Ветерана 7880 из ТОО «Галицкое» в возрасте 19 мес. составляла 188 кг, бычок KZL 101461335 кличка «Кайсар» заводской линии Кактуса 7969 АЗКБ-69 из ТОО «Анкатинский» в возрасте 24 мес. имел живую массу 610 кг, превышая класса элита-рекорд на 10 кг.

На данном этапе работы с казахской белоголовой породой предусматривается усовершенствование ее генофонда, обеспечивающего потребности в племенных животных ценного генотипа, селекция новых линий с наследственно обусловленным сочетанием у животных высокой интенсивности роста и живой массы. Их разведение по единой программе в региональном аспекте позволит создать зональные типы, дифференцирующие породу на крупные структурные элементы и стимулирующие ее прогресс.

**Ключевые слова.** казахская белоголовая порода, история разведения, селекции, методы отбора, подборы, испытание бычков по собственной продуктивности, контрольно-испытательные станции.

**Nasambayev Edige<sup>\*1</sup>**

Doctor of Agricultural Sciences, Professor,  
West Kazakhstan Innovation and Technological University, Uralsk, Kazakhstan,  
[nasamvaeve@mail.ru](mailto:nasamvaeve@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-0995-7832

**Zhubantayev Izingali Nurymovich<sup>2</sup>**

Candidate of Agricultural Sciences, Associate Professor,  
West Kazakhstan Innovation and Technological University, Uralsk, Kazakhstan,  
[Zhubantayev@mail.ru](mailto:Zhubantayev@mail.ru), ORCID ID: 0000-0002-9218-5414

**Malchevsky Alexander Yuryevich<sup>3</sup>**

Master of Agriculture,  
Republican Chamber of the Kazakh white-headed breed,  
Astana, Kazakhstan, [malchevskii.alek@mail.ru](mailto:malchevskii.alek@mail.ru), ORCID ID: 0009-0007-3924-4140

**HISTORY OF CREATION, EVOLUTION, CURRENT STATE AND DEVELOPMENT PROSPECTS OF THE KAZAKH WHITE-HEADED BREED**

**Abstract.** The article discusses the establishment, evolution, current status, and future development prospects of the native Kazakh Whiteheaded cattle breed. It substantiates the creation of a domestic beef breed, the selection of foundation breeds for reproductive crossbreeding, and the consideration of natural and climatic conditions. The paper also presents materials on the adaptive characteristics of imported beef cattle, particularly Hereford cattle of various genotypes and countries of origin, in the region where the Kazakh Whiteheaded breed was developed.

It is noted that among slaughter cattle groups, the local Kyrgyz (Kazakh) cattle were considered the most suitable for export and for meeting the demands of foreign consumers.

Local Kazakh cattle were valued for their ability to deposit fat not only around internal organs and on the carcass but also between muscle fibers, giving the meat a marbled appearance.

It is emphasized that Hereford cattle imported from Canada were better adapted to harsher climatic conditions than those imported from England.

In recent years, in accordance with changing market demands for beef quality, new promising breeding lines, intrabreed, and zonal types of the Kazakh Whiteheaded breed have been developed.

As of January 1, 2026, the genetic potential of the Kazakh Whiteheaded breed in the breeding herds of the Republic of Kazakhstan is represented by animals from 32 breeding lines with a total pedigree population of 90,959 head.

The live weight indicators of seven bulls aged 18–24 months exceeded the requirements of the elite and elite-record classes. For example, the bull KZS 180338765 named “Porsh” from the Veteran 7880 breeding line of Galitskoye LLP had a live weight of 688 kg at 19 months of age, while the bull KZL 101461335 named “Kaisar” from the Kaktus 7969 AZKB-69 breeding line of Ankatinsky LLP weighed 610 kg at 24 months, exceeding the elite-record class standard by 10 kg.

At the current stage, work with the Kazakh Whiteheaded breed is aimed at improving its gene pool to meet the demand for pedigree animals with valuable genotypes, and at selecting new lines with genetically determined combinations of high growth intensity and live weight. Their breeding under a unified regional program will make it possible to create zonal types that differentiate the breed into large structural elements and stimulate its further progress.

**Keywords.** Kazakh Whiteheaded breed, breeding history, selection, selection methods, mating selection, bull testing by own productivity, performance testing stations.

**Кіріспе.** Етті мал шаруашылығын дамытуда жетекші рөл отандық қазақтың ақбас сиыр тұқымына тиесілі. Қазақтың ақбас тұқымы салыстырмалы түрде қысқа мерзімде (1930–1950 жылдары) қазақ және қалмақ сиырларын, сондай-ақ олардың герефорд бұқаларымен алынған будандарын қайтара будандастыру арқылы шығарылды (Ланина А.В., 1952; Галиакберов П.З. және т.б., 1952).

Қазақтың ақбас тұқымын шығару үшін дәл осы тұқымдардың таңдалуы кездейсоқ емес еді. Біріншіден, КСРО-ның оңтүстік-шығыс бөлігіндегі, яғни етті мал шаруашылығының негізгі аймағындағы ірі қара мал массиві негізінен қазақ және қалмақ тұқымдарынан тұрды. Бұл тұқымдар аймақтың қатал табиғи-климаттық жағдайларына өте жақсы бейімделген болатын. Екіншіден, герефорд тұқымы әлемдегі барлық тез жетілетін етті тұқымдардың ішінде жоғары жерсіну қабілетімен ерекшеленіп, ең жақсы жайылымдық тұқымдардың бірі болып саналды (Прахов Л.П., 1975).

Оңтүстік-шығыстағы аталған жергілікті тұқымдардың қалыптасуында тек қолдан сұрыптау ғана емес, сонымен қатар өте қуаң әрі күрт континенттік климат жағдайындағы табиғи сұрыптау да маңызды рөл атқарды.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы ХІХ ғасырдың ортасындағы мал саны жөнінде нақты деректер алу мүмкін емес. Ол кезеңде көшпелі мал шаруашылығы қазақ қоғамының негізгі экономикалық тірегі болған. Жекелеген деректер сол кездегі халықтың малмен қамтамасыз етілу деңгейінің жоғары болғанын көрсетеді. А.И. Добромисловтың (1895) мәліметтері бойынша, бұрынғы Торғай облысында 1870 жылы әскери губернатор есебінде барлық түлік түрлерінің саны 4 227 826 басқа жетіп, халық саны 342 000 адамды құраған, яғни бір адамға шаққанда 12,36 бас малдан келген.

Ал В.Я. Бенкевичтің (1918) деректері бойынша, 1879 жылы халықтың малмен қамтамасыз етілу деңгейі одан да жоғары болған. Сол кезде Торғай облысындағы бір

қазақ шаруашылығына орта есеппен 57 бас, ал Торғай уезінде 76 бас әртүрлі түлік малдан келген.

Ресейдегі союға арналған мал топтарының ішінде қырғыз (қазақ) малы экспортқа және шетелдік тұтынушылардың талабын қанағаттандыруға ең қолайлы деп танылған. Бұл мал ішкі ағзалар мен ұшада ғана емес, бұлшық ет талшықтарының арасында да май жинау қабілетімен бағаланған, соның нәтижесінде етте мәрмәрлену қасиеті қалыптасқан.

Қазақ сиырларының сүт өнімділігі жөнінде жиналған мәліметтер бұл тұқымды осы белгісі бойынша да сипаттауға мүмкіндік берді. Я.Я. Лус пен Н.Н. Колесник (1928) отырықшы халық қазақ сиырларынан 800-900 кг сүт сауғанын хабарлаған. Бұзауларын енесінің бауырында өсіру жағдайында қазақ сиырларының сүттілігі 718 кг болған (Львов А.К., Галиакберов Н.З., 1939).

Сүт майлылығы бойынша қазақ малы елдегі алдыңғы орындардың бірін иеленіп, әлемдегі ең майлы сүтті тұқымдардың деңгейінде болған. КСРО Ғылым академиясының экспедициясы көшпелі халықтағы сиыр сүтінің орташа майлылығы 4,0% екенін, оның 2,3-7,0% аралығында өзгеретінін анықтаған. Ал отырықшы халықта бұл көрсеткіш 4,46-8,3% аралығында болған.

Жергілікті тұқымдардың еттік қасиеттерін сипаттай отырып, П.Н. Кулешов табиғи тұқымдардың ішінде қырғыз (қазақ) малы өзінің қасиеттері жағынан бірінші орын алатынын және етті бағыттағы мал ретінде ағылшынның етті тұқымдарына барынша жақын екенін атап өткен.

Осылайша, қазақ және қалмақ малы, сондай-ақ олардың будандары ғасырлар бойы көшпелі өмірдің қатал жағдайларында өсірілгендіктен, жалпы алғанда тірілей салмағы мен сүттілігі төмен мал ретінде сипатталған. Сонымен қатар, бұл малдарда жақсы жайылымдық семірту қасиеттері, мықты дене бітімі, төзімділік және жергілікті табиғи жағдайларға бейімделгіштік қалыптасты. Осындай қасиеттер олардың негізінде селекциялық жұмыстарды табысты жүргізуге мүмкіндік берді.

Ал басқа бастапқы (аталық) тұқым – герефорд тұқымы мүлде өзге табиғи-экономикалық жағдайларда шығарылып, жетілдірілді. Ұлыбританияда шығарылған герефорд тұқымы әлемдегі ең кең таралған етті бағыттағы тұқымдардың бірі болып қала береді. Англиядан басқа, герефордтар АҚШ, Канада, Аргентина, Уругвай, Бразилия, Чили, Мексика, Жаңа Зеландия, Австралия, Венгрия және басқа елдерде өсіріледі.

Ағылшыннан шыққан басқа етті тұқымдармен салыстырғанда герефорд тұқымы дене бітімінің мықтылығымен, төзімділігімен, жоғары жерсіну қабілетімен және салыстырмалы түрде жұтаң жайылымдарға бейімделгіштігімен ерекшеленеді (А. Захаров, 1930; К.А. Акоюн, 1956; С.Я. Дудин, 1967; А.В. Ранделин, 1993 және т.б.).

Герефорд малы алғаш рет елімізге 1928 жылы Англия мен Уругвайдан әкелінді. Сол кезде 1240 бұқашық импортталған. Олар РКФСР-дың оңтүстік-шығыс аймағындағы шаруашылықтарға (340 бас) және Қазақстанға (900 бас) бөлініп, жергілікті малды будандастыруда пайдаланылды. Ал қашарлар үш репродукторлық шаруашылыққа орналастырылды (Молчанов В.И., 1935; Молчанов В.И. және Малюгина К.С., 1936).

Екінші рет герефордтар (88 бұқашық пен 100 қашар) КСРО-ға 1939 жылы Кеңшарлар министрлігінің бастамасымен Англиядан әкелінді. Барлық қашарлар Батыс Қазақстан облысындағы «Анкатинский» асыл тұқымды кеңшарына берілді, ал осы облыстың шаруашылықтарына бұқашықтардың негізгі бөлігі (76 бас) таратылды.

Бұқалар, әсіресе сиырлар жаңа табиғи-климаттық жағдайларда біршама жақсы жетілгенімен, олардың жерсінуі күрделі жағдайда өтті. Бұл бұқалардың шағылысудағы белсенділігінің төмендігінен, сиырлардың ұрықтану көрсеткішінің аздығынан, малдың жұқпалы ауруларға (туберкулез) бейімділігінен, тез қартаюынан, аяқ ауруларынан және басқа да мәселелерден байқалды.

Ыстық ауа райында таза қанды герефорд малдарының тамыр соғысы мен тыныс алуы күрт жиілеп, дене температурасы көтеріліп, қатты терлеу байқалған (Семенов И.И., 1932; Заркевич А.В., 1932; Петров А.С., 1933; Волох Н.В., 1935; Молчанов В.И., 1935; Акопян К.А., 1947; Бугримов Е.И., 1952).

А.В. Ланина (1973) Англиядан тыс жерден әкелінген малдардың жақсы жерсіну қабілетін экологиялық және генетикалық факторлардың әсерімен түсіндірген. Соғыстан кейінгі жылдары Канададан импортталған герефордтар Англияның жұмсақ климатында өсірілген малдарға қарағанда қатаң климатқа анағұрлым жақсы бейімделген. Қазақстанға жеткізілгенге дейін бұл жануарлар Канада жағдайында акклиматизациядан өткен, онда табиғи және қолдан сұрыптау олардың бейімделу қабілетін жетілдірген.

Канадалық герефордтардың бұл артықшылығы инбридингке ұшыраған малдардың өте аз болуынан да көрінді.

Қазақ және қалмақ малдарын герефордтармен будандастырудың және жаңа етті бағыттағы тұқымды шығаруға арналған асылдандыру жұмыстарының алғашқы жоспары 1936 жылы Орынбор ғылыми-зерттеу етті мал шаруашылығы институтының ғылыми қызметкері С.Я. Дудин тарапынан жасалды.

Жоспарда сұрыптау мен жұп таңдауды герефорд қанының шамадан тыс сіңуіне жол бермей жүргізу көзделді. Негізгі мақсат – бастапқы екі тұқымның құнды қасиеттерін сақтай отырып, отандық жаңа етті бағыттағы ірі қара тұқымын шығару болды.

1937 жылы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) сессиясында герефорд тұқымын жергілікті малмен қайтара будандастыру негізінде жаңа тұқым шығару туралы ресми шешім қабылданды. Бұл шешім бойынша тұқым ішінде бір мезгілде екі тип – етті және етті-сүтті бағыттағы типтерді қалыптастыру көзделді (М.Ф. Гордиенко, 1947; Г.З. Галиакберов және т.б., 1952).

Жалпы Қазақстан бойынша жергілікті малды герефордтармен будандастыру үшін республика аумағының шамамен 48%-ын қамтитын, көлемі 500-550 мың шаршы шақырым болатын аймақ белгіленді. Бұл аймаққа 13 облыс пен 68 әкімшілік аудан кірді.

Қолдан ұрықтандыру әдісінің кеңінен енгізілуі қысқа мерзім ішінде жоспарланған көлемде будандастыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік берді. Бұл ретте Батыс Қазақстан облысының, әсіресе «Анкатинский» асыл тұқымды зауытының тұқымды қалыптастырудың соңғы кезеңіндегі рөлі ерекше болды.

1939 жылдан бастап осы шаруашылыққа Англиядан герефордтардың соңғы партиясы әкелінді. 1940-1950 жылдардың басында бұл малдар Қазақстанның барлық асыл тұқымды және тауарлы шаруашылықтарына таратылды.

Жаңа тұқымды шығаруда малды азықтандыру мен күтіп-бағудың қолайлы жағдайларын жасау да маңызды рөл атқарды. Сонымен бірге оңтүстік-шығыс аймақтың қатал табиғи жағдайларында мал организмін шынықтыруға ерекше мән берілді. К.А. Акопянның (1956) мәліметтері бойынша, асыл тұқымды сиырлар мен ересек жас мал топтары көктемгі қар еріп, жер құрғағаннан кейін бірден жайылымға шығарылып, күздің соңына дейін, яғни қар толық түскенге дейін қорасыз және қалқасыз далада ұсталған.

Жайылымға шыққаннан кейін сиырлар тек дала жағдайында бұзаулаған, ал бұзаулар туған күннен бастап үнемі қозғалыста болған. Қыста бұзаулар аналарының жанында суық қораларда ұсталған. Жайылым кезеңінде өндіруші бұқалар мен асыл тұқымды бұқашықтардан басқа барлық мал тек табиғи жайылым шөбімен қоректенген.

Осындай «спартандық» жағдайда өсіру жас мал организмнің шынығуына және будан малдардың оңтүстік-шығыстың күрт континенттік, қуаң жағдайларына бейімделуіне ықпал етті.

Ғалымдар, мамандар және мал шаруашылығы қызметкерлерінен құралған үлкен ұжымның ұзақ жылдарға созылған мақсатты еңбегі нәтижесінде жаңа отандық тұқым

шығарылып, КСРО Министрлер Кеңесінің 1950 жылғы 30 мамырдағы шешімімен оған «қазақтың ақбас сиыры» атауы берілді.

Тұқымдық есеп деректеріне сәйкес, 1950 жылы жаңа тұқымның саны 388 мың басқа жетті. Негізгі мал басы мен үздік асыл тұқымды табындар Батыс Қазақстан, Семей, Целиноград, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Орынбор және Волгоград облыстарында шоғырланды.

Жаңа тұқым малдары герефордтарға тән ақбас қызыл түсті толық сақтап қалды. Олардың денесі кең әрі терең, арқасы түзу, кеуде қуысы жақсы жетілген, сауыры кең әрі түзу, сан еті толық дамыған болды.

1950-жылдары негізгі репродукторлық шаруашылықтарда асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттері жоғары, көптеген құнды аталық іздердің негізін қалаған ерекше бұқалар өсірілді.

Тұқым бекітілгеннен кейін селекциялық-асылдандыру жұмыстарының бағытына, етті мал шаруашылығын жүргізу технологиясына, азықтандыру деңгейі мен жемшөп құрылымына байланысты елеулі өзгерістер болды.

Тұқымның қалыптасуы мен дамуын бірнеше кезеңге бөлуге болады:

**I кезең** – ХХ ғасырдың 20-30 жылдары: герефордтардың әкелінуі, олардың жерсінуі және жергілікті малмен будандастырылуы;

**II кезең** – 1950-1954 жылдар: тұқым ресми бекітілгеннен кейінгі жетілдіру кезеңі;

**III кезең** – 1964-1970 жылдар: сиырларды сауу кезеңіндегі өнімділік көрсеткіштерін қалпына келтіру және тың жерлерді игеруге байланысты жаңа технологияға көшу;

**IV кезең** – 1970-1990 жылдар: асыл тұқымды зауыттарды ұйымдастыру, зауыттық желілерді қалыптастыруға бағытталған терең селекция, желілік өсіруге көшу және өсу қарқындылығы бойынша сұрыптауды енгізу;

**V кезең** – 1991 жылдан бастап: тұқымның Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясында жеке генетикалық топтарға бөлінуі, асыл тұқымды материал алмасудың шектелуі, селекциялық-асылдандыру жұмыстары деңгейінің төмендеуі және малдың өнімділік пен асыл тұқымдық сапасының әлсіреуі.

1953–1954 жылдары етті бағыттағы сиырларды сүтті мал шаруашылығы технологиясына көшіру және оларды сауу жұмыстарын ұйымдастыру тұқымды жетілдіруді тежеді. Соның салдарынан 1960 жылға қарай қазақтың ақбас тұқымының сапалық құрамы мен тұқым тазалығы күрт төмендеді.

Сиырларды сүтті бағыттағы тұқымдардың бұқаларымен жаппай будандастыру жалғасты. Ерте жастағы бұзаулардың баяу өсуі тез жетілетін етті малдың қалыптасуына мүмкіндік бермеді, сондықтан 1957 жылы туған төлдер асыл тұқымдық мақсатқа жарамсыз деп танылып, табыннан шығарылды.

Мал басының көбеюі төл шығынының көптігі мен бұзау алудың төмендігіне байланысты тежелді. Мысалы, Целиноград (Ақмола) облысының кеңшарларында төл алу көрсеткіші 1953 жылғы 69%-дан 1958 жылы 52%-ға дейін төмендеген.

Ал қазақтың ақбас сиырларын жаппай сүт өндіруге пайдаланбаған шаруашылықтарда оң нәтижелерге қол жеткізілді. Мысалы, Целиноград облысындағы «Балкашинский» асыл тұқымды кеңшарында енесінің бауырында өсірілген толық жастағы сиырлардың орташа тірілей салмағы 1958 жылы 552 кг болған.

Осылайша, 1953 жылы қабылданған етті сиырларды сауу туралы шешім қазақтың ақбас тұқымын жетілдіру жұмыстарын тежеді. Көптеген асыл тұқымды шаруашылықтар мен фермаларда селекциялық жұмыстар іс жүзінде тоқтатылды. Әсіресе бұқа құрамы қатты зардап шекті. Көптеген құнды өндіруші бұқалар жарамсыз деп танылып, зауыттық желілер құру жұмыстары тоқтатылды.

1960-жылдарға қарай республика Целиноград, Қостанай, Көкшетау және Батыс Қазақстан облыстарындағы көптеген бағалы асыл тұқымды қазақтың ақбас малынан айырылды.

Тек үлкен күш-жігердің арқасында бұзауларды 8 айға дейін енесінің бауырында өсіру әдісіне көшу төлдің сақталуын жақсартып, олардың шығынын азайтты.

2000-2005 жылдары асылдандыру жұмыстары мен жас малды өсіру жағдайларының жақсаруы нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының асыл тұқымды шаруашылықтарында малдың тұқымдық және кластық құрамы жақсарып, сиырлардың тірілей салмағы артты.

1974 жылдан 1991 жылға дейін Қазақстан бойынша қазақтың ақбас тұқымының саны тұрақты өсіп, 1017,3 мың бастан 1370,0 мың басқа дейін көбейді. Жекелеген сиырлардың салмағы 950 кг-ға, ал бұқалардың салмағы 1400 кг-ға жетті. Мұндай корсеткіштер тұқым қалыптасу кезеңінде болмаған.

Малдардың сырт пішіні айтарлықтай жақсарып, табындар біркелкі бола түсті.

1970-жылдардан бастап асыл тұқымды шаруашылықтарда зауыттық желілер құру және өсу қарқындылығы бойынша тереңдетілген селекция жүргізіле бастады. Бұл жұмыстар тұқыммен жүргізілетін перспективалық жоспарларға сәйкес іске асырылды (Прахов Л.П., 1974; Прахов Л.П., Чернов Г.А., 1980). Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысындағы «Чапаевский» және «Анкатинский» мемлекеттік асыл тұқымды зауыттарының бастамасымен қазақтың ақбас тұқымының мүйізсіз (комолый) типін шығару жұмыстары қолға алынды. Бұл жұмысқа Ақтөбе облысындағы Қазақ КСР-інің 15 жылдығы атындағы асыл тұқымды кеңшар, Волгоград облысындағы «Красный Октябрь» асыл тұқымды зауыты және Орынбор облысының бірқатар шаруашылықтары қатысты.

Л.П. Прахов, Г.А. Чернов (1980), Л.П. Прахов, Т.В. Семибратова, А.З. Зинулин (1980), Л.П. Прахов және Т. Семибратова (1983) деректері бойынша, мүйізсіз мал өнімділік жағынан мүйізді малдан кем түспейді, бірақ технологиялық тұрғыдан бірқатар артықшылықтарға ие.

Тың жерлерді игеруден кейін ауыл шаруашылығы өндірісінің, соның ішінде мал шаруашылығының қарқынды дамуы қазақтың ақбас малын ет өнімділігі бойынша жедел жетілдіруді талап етті. Осы мақсатта 1960-жылдардан бастап асыл тұқымды шаруашылықтарда өсу қарқындылығы бойынша селекция енгізілді. Оның негізінде бұқаларды өз өнімділігі мен ұрпағының сапасы бойынша екі кезеңді бағалау жүйесі жатты.

Елімізде етті тұқым бұқаларын сынау және бағалау әдістерін әзірлеу жөніндегі алғашқы зерттеулерді А.В. Черкаев 1959 жылы «Анкатинский» асыл тұқымды зауытында бастаған. 1966 жылдан бастап бұқаларды бағалау арнайы станцияда жүргізілді.

1969 жылдан осындай зерттеулер Димитров атындағы асыл тұқымды кеңшарда жүргізіліп, нәтижесінде етті тұқым бұқаларын бағалаудың әдістемелік нұсқаулары жасалды (Прахов Л.П., 1972).

Қазақтың ақбас тұқымының бұқаларын екі кезеңді бағалауға арналған алғашқы типтік сынақ станциясы 1985 жылы «Чапаевский» асыл тұқымды зауытында 200 бұқашыққа арналып іске қосылды (Прахов Л.П. және т.б., 1981; Хайнацкий және т.б., 1988).

Осылайша, етті мал шаруашылығын қарқындату, малды күтіп-бағу технологиясының өзгеруі, азықтандыру жағдайлары мен ет өндіру жүйесінің жетілдірілуі тұқымды одан әрі жетілдірудің жаңа міндеттерін айқындады. Егер 1950–1960 жылдардағы жайылымдық тип ауыл шаруашылығы талаптарына сай болса,

өнеркәсіптік өсіру мен бордақылау технологияларының енгізілуі ұзақ уақыт бойы жоғары өсу қарқынын сақтайтын, технологиялық тұрғыдан біркелкі малға деген қажеттілікті туғызды.

Соңғы жылдары сиыр еті сапасына қойылатын нарық талаптарының өзгеруіне сәйкес қазақтың ақбас тұқымының жаңа перспективалы зауыттық желілері, тұқымішілік және аймақтық типтері шығарылды.

2026 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы асыл тұқымды табындарда қазақтың ақбас тұқымының генетикалық әлеуеті 32 зауыттық желіге жататын, жалпы саны 90 959 бас асыл тұқымды малмен ұсынылған.

Олардың ішінде 15 зауыттық желіде 2 мыңнан 14 мың басқа дейінгі мал шоғырланған, жалпы саны 83 885 бас немесе барлық популяцияның 92,2%-ын құрайды. Бұл қазақтың ақбас тұқымы популяциясының жоғары генетикалық әлеуетін көрсетеді (1, 2, 5-сурет).

Қазақтың ақбас тұқымы популяциясында 5 тұқымішілік тип ажыратылады, олардың төртеуі Қазақстан Республикасында шығарылған.

Ең көп таралған зауыттық желілер мыналар: Ветеран 7880 (15,6%), Король 13682 (15,0%), Агуст 1074 АЦКБ-847 (9,7%), Аромат 7392 (9,4%), Кактус 7969 АЗКБ-69 (7,5%), Искот 1073 АЦКБ-846 (6,9%).



Сурет 1 – Өндіруші бұқа Сайман, 1383 Зауыттық желі: Салема 12747  
Туған күні: 23.05.2011 ж. Жасы: 12 жыл 4 ай. Тірілей салмағы: 1050 кг  
Классы: 97,5 – элита-рекорд

Елдегі 18 714 шаруашылықтағы асыл тұқымды малдың жалпы саны 527 362 басты құрайды. Оның ішінде өндіруші бұқалар – 84 741 бас (16,1%), сиырлар – 298 841 бас (56,6%). Бұл қазақтың ақбас тұқымы популяциясын сақтау мен одан әрі дамыту үшін жеткілікті деңгей болып табылады.

Өндіруші бұқалар мен сиырлардың барлық басы асыл тұқымдық құндылық мәртебесімен расталғанын атап өткен жөн. Олар индекс бойынша бағаланған, сонымен қатар өндіруші бұқалардың 93,2%-ы және сиырлардың 97,4%-ы белгілер кешені бойынша тұқым стандартының талаптарына сәйкес келеді немесе одан асып түседі. Бұл қазақтың ақбас сиыр тұқымының жоғары генетикалық ресурстарын дәлелдейді.

Республикалық мал шаруашылығы жетістіктері көрмелерінде ұсынылған бұқашықтардың тірілей салмақ көрсеткіштері ерекше назар аудартады. 18–24 айлық жеті

бұқашықтың тірілей салмағы элита және элита-рекорд кластарының талаптарынан жоғары болған.

Мысалы, «Галицкое» ЖШС-нің Ветеран 7880 зауыттық желісіне жататын KZS 180338765 нөмірлі «Порш» атты бұқашығының 19 айлық кезіндегі тірілей салмағы 588 кг болған. Ал «Анкатинский» ЖШС-нің Кактус 7969 АЗКБ-69 зауыттық желісіне жататын KZL 101461335 нөмірлі «Қайсар» атты бұқашығы 24 айлығында 610 кг тірілей салмақ көрсетіп, элита-рекорд класының талабынан 10 кг-ға жоғары болған.

Осындай көрсеткіштердің болуы қазақтың ақбас тұқымы малдарының жоғары генетикалық әлеуетін айқын дәлелдейді.

Әрине, мұндай жоғары сапалы малдарды көбірек анықтау үшін толыққанды азықтандыру жағдайларын жасау қажет. Бұқашықтарды сынау кезеңінде олардың орташа тәуліктік салмақ қосуы кемінде 1000–1500 г болуы тиіс.

Қазақтың ақбас тұқымын асылдандыру жылдары ішінде тәулігіне орта есеппен 1300 г салмақ қосатын және 1 кг өсімге 6,9-7,2 азық өлшемін жұмсайтын бұқашықтар алынған және өсірілген.

Бұл нәтижелер жалпы отандық тұқымдардың және жекелеген асыл тұқымды табындардың жоғары генетикалық мүмкіндіктерін көрсетеді.



Сурет 2 – Өндіруші бұқа Монарх, 4353 Зауыттық желі: Майлана 13851  
Туған күні: 07.11.2017 ж. Жасы: 5 жыл 10 ай. Тірілей салмағы: 1000 кг  
Классы: 4,5 – элита-рекорд

Қазіргі кезеңде қазақтың ақбас тұқымымен жүргізілетін жұмыстар оның генофондын жетілдіруге бағытталған. Бұл құнды генотипке ие асыл тұқымды малға деген сұранысты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жоғары өсу қарқындылығы мен ірі тірілей салмақтың тұқым қуалайтын үйлесімі бар жаңа желілерді селекциялауға мүмкіндік береді.

Оларды өңірлік деңгейде бірыңғай бағдарлама негізінде өсіру тұқым ішінде ірі құрылымдық элементтерді қалыптастыратын аймақтық типтерді шығаруға және тұқымның одан әрі прогресін ынталандыруға жағдай жасайды.

Тұқымның шаруашылыққа пайдалы қасиеттерін жақсарту асыл тұқымды табындарда жүзеге асырылады. Бұл шаруашылықтар жоғары генетикалық өнімділік әлеуетіне ие асыл тұқымды жас мал өсіруге міндетті.

Посткеңестік мемлекеттерде соңғы уақытқа дейін етті бағыттағы малдың асыл тұқымдық құндылығын бағалау жүйесі қолданылып келеді. Бұл жүйе асыл тұқымды

табындарды жыныстық-жастық топтар бойынша жыл сайын бонитировкалау нәтижесінде алынған мәліметтерге негізделген.

Етті бағыттағы малды бонитировкалау кезінде есепке алынатын негізгі белгілер мыналар болып табылады:

– жас малдың өсу қарқындылығы және тірілей салмақтың 1 кг өсіміне жұмсалатын азық шығыны;

– малдың жас кезеңдері бойынша тірілей салмағы;

– сиырлардың сүттілігі (6 айлық төлдің тірілей салмағы бойынша);

– конституциясы мен экстерьерін балдық бағалау;

– генотиптің көрінуі және тұқымдық белгілердің айқындылығы.

Бонитировканы жауапты бонитерлер (классификаторлар) шаруашылық мамандарының қатысуымен жүргізеді, бұл алынған мәліметтердің шынайылығы мен нақтылығын толық қамтамасыз етеді (3-сурет).



Сурет 3 – Жануарларды бағалау

Сонымен қатар, етті мал шаруашылығы тәжірибесіне бағаланатын асыл тұқымды етті мал басының фенотиптік көрсеткіштерін тәуелсіз түрде тіркеп, мәліметтерді ақпараттық-талдау жүйесіне (ИАС) енгізетін сарапшылар қызметін ұсынатын сервистік орталықтарды енгізу қажет деп санаймыз.

Өйткені жоғары құнды өндіруші бұқаларды алуға, ең алдымен, асыл тұқымды өнімді өндірушілер мен тұтынушылар мүдделі. Сондықтан мұндай станциялардың жұмысын мүшелері фермерлердің өздері болып табылатын тиісті республикалық тұқымдық палаталар үйлестіруі тиіс (4-сурет).

Сонымен қатар, малдарды белгілі бір қашықтыққа жаңа аймақтарға тасымалдау кезінде туындайтын стресс жағдайларын болдырмау мақсатында әр өңірде немесе табиғи-климаттық жағдайлары ұқсас бірнеше көршілес өңірге ортақ бір станциядан құру орынды болып табылады.

Етті бағыттағы мал тұқымдарымен жүргізілетін селекциялық-асылдандыру жұмыстарында асыл тұқымдық сапасы бағаланған, шаруашылыққа пайдалы белгілерді жақсартуға кепілдік беретін өндіруші бұқаларды пайдалану айрықша маңызға ие.



Сурет 4 – ТОО «Анкатинский» бақылау-сынақ станциясы

Жаппай селекцияның тиімділігінің төмендігі, сондай-ақ бұқаларды тек шығу тегі мен фенотипі бойынша іріктеудің кемшіліктері, өйткені фенотиптік белгілер ұрпақта әрдайым толық көрініс бере бермейді, өндірушілерді генотиптік бағалау арқылы жеке іріктеу қажеттілігін туындатады.

Бағалаудың негізгі мақсаты – малдардың генетикалық құндылығын мүмкіндігінше дәл болжау. Бағалау неғұрлым сенімді болған сайын, соның негізінде жүргізілетін сұрыптау соғұрлым қатаң болады және генетикалық тұрғыдан ең құнды малдарды пайдалану қарқындылығы артады. Нәтижесінде селекциялық жұмыс тиімді жүргізіліп, көзделген мақсаттарға жылдам қол жеткізіледі.

Малдардың генетикалық жақсаруы айтарлықтай маңызды әрі назар аударарлық деңгейде болуы мүмкін, сондықтан оны тәжірибелік жұмыстарда кеңінен пайдалану қажет.

Бұл бағытта Қазақстан Республикасында, сондай-ақ етті мал шаруашылығы дамыған жақын және алыс шетел мемлекеттерінде мол практикалық тәжірибе жинақталып, бірқатар теориялық негіздер қалыптасқан.

Дегенмен, популяцияларды селекциялық тұрғыдан жетілдірудің табыстылығы көбінесе құнды генотиптер қолданылатын технологияға байланысты болады. Бұл әсіресе табиғи жайылымдарды барынша тиімді пайдалану арқылы сиыр етін өндіруге бағытталған мамандандырылған етті мал шаруашылығы саласына тән [1, 2].



Сурет 5 – Өндіруші бұқа, 4979 Зауыттық желі: Аромата 7392  
Туған күні: 13.04.2020 ж. Жасы: 3 жыл 4 ай. Тірілей салмағы: 785 кг  
Классы: 4,5 – элита-рекорд.

Бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау кезеңінде олардың асыл тұқымдық құндылығын дәл бағалауға кедергі келтіретін негізгі факторлардың бірі – сынақтың аяқталу жасы болып табылады. Көптеген шаруашылықтар асыл тұқымды жас малды 11-12 айлық жасында сатуға шығарады. Бұл мерзім Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2023 жылғы 25 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген жануарларды өзіндік өнімділігі бойынша бағалау (сынау) қағидаларына сәйкес бұқашықтарды сынау кезеңімен сәйкес келеді.

Аталған мәселелер бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынауды ұйымдастыру және өндіруші бұқаларды ұрпағының сапасы бойынша бағалау жөніндегі әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеу барысында зерттеуді қажет етеді. Қазіргі уақытта бұл етті бағыттағы мал тұқымдарымен жүргізілетін селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жетілдірудегі өзекті бағыттардың бірі болып саналады [3, 4].

Бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша міндетті түрде сынаудың өзектілігі авторлардың зерттеулерінде қазақтың ақбас тұқымының басқа зерттелген тұқымдармен салыстырғанда генетикалық әртүрлілігінің жоғары деңгейімен сипатталатыны анықталғанымен де байланысты.

Қазақстанның етті мал шаруашылығы етті бағыттағы тұқымдардың жоғары генетикалық ресурстарымен ерекшеленеді. Сонымен бірге бұқаларды генотиптік бағалау олардың ұрпақтарының өнімділік әлеуетін қорада бағу кезеңінде де, жайылым кезеңінде де қарқынды өсіру жағдайында барынша толық көрсетуін көздейді.

Етті мал шаруашылығында бұзаулау маусымдылығы қолданылады, негізінен ол қысқы және көктемгі кезеңдерге сәйкес келеді. Желтоқсан-ақпан айларында туған бұқашықтарды жайылымға шығарғанға дейін олардың 12 айлық жасқа дейінгі бақылау өсіру кезеңі аяқталады. Ал көктемгі-жазғы кезеңде туған бұқашықтарды 12 айлық жасқа дейін сынау қорада ұстау кезеңіне сәйкес келіп, кейін жайылым жағдайында жалғасады. Бұл тұтынылған азық мөлшерін есепке алуда белгілі бір қиындықтар туғызады.

Белгілі болғандай, еліміздегі асыл тұқымды мал шаруашылығындағы өзекті мәселелердің бірі – жоғары құнды өндіруші бұқалардың жетіспеушілігі. Көптеген шаруашылықтарда малдың асыл тұқымдық құндылығын сенімді бағалауға мүмкіндік

жоқ, бұл өз кезегінде етті мал шаруашылығындағы селекциялық процестің дамуын тежейді (6-сурет).

Сонымен қатар, қазіргі уақытта қолданылып жүрген етті бағыттағы бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау ережелері толық жетілдірілмеген. Олар жануарлардың асыл тұқымдық құндылығы туралы жеткілікті деңгейде нақты ақпарат бере алмайды. Ережелерде жануарларды, әсіресе болашақ өндіруші бұқаларды өзіндік өнімділігі бойынша сынау тәртібін анықтайтын ғылыми-әдістемелік сипаттағы кейбір маңызды аспектілер ескерілмеген [5, 6].

Сондықтан етті бағыттағы бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау әдістерін нақтылау асыл тұқымды малдың ет өнімділігін арттыруға бағытталған селекциялық жұмыстарда маңызды практикалық мәнге ие болады. Сонымен қатар бұл тек жекелеген табындарға ғана емес, жалпы қазақтың ақбас тұқымы популяциясына оң әсер ететін жоғары құнды жануарларды анықтауға мүмкіндік береді.

Өзіндік өнімділігі бойынша бұқашықтарды сынау асыл тұқымдық мақсатта бұқашық өсіретін барлық шаруашылықтарда міндетті селекциялық-асылдандыру әдісіне айналуы тиіс. Сонымен бірге сынақ кезеңінде бұқашықтарға қарқынды әрі теңгерімді азықтандыру ұйымдастыру қажет. Бұл асыл тұқымды малдардың генетикалық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беріп, ең үздік жануарларды дәл іріктеуді қамтамасыз етеді. Нәтижесінде қазақтың ақбас тұқымы малының асыл тұқымдық және өнімділік қасиеттерін жетілдіруге бағытталған селекция қарқындылығы артады.



Сурет 6 – «Алем» шаруа қожалығында бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау

Етті мал тұқымдарын жетілдіру шаруашылықтарда селекциялық-асылдандыру жұмыстарының бірыңғай бағдарламасы негізінде, ірі масштабты селекция қағидаттарына сүйеніп жүргізілуі тиіс. Мұндай жүйе тек жануарлардың асыл тұқымдық құндылығы туралы толық әрі сенімді ақпарат болған жағдайда ғана жүзеге асады. Бұл ақпарат жануарлардың шығу тегінен бастап, ДНҚ-талдаулармен расталған деректерді, сондай-ақ іріктеу белгілері бойынша өнімділік көрсеткіштерін қамтуы қажет және олар ақпараттық-талдау жүйесі (ИАС) арқылы жинақталады.

Бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау етті тұқымдарды жетілдірудегі асыл тұқымдық жұмыстың негізгі элементтерінің бірі болып табылады. АҚШ, Ұлыбритания, Канада сияқты елдерде бұқашықтар сынақ станцияларында да,

шаруашылықтардың өзінде де бағаланады, ал Франция мен Данияда тек арнайы сынақ станцияларында жүргізіледі.

Жалпы тәжірибе бойынша, өсу қарқыны жоғары бұқалар өз ұрпағына да жоғары тәуелділік салмақ қосу қасиетін береді. Біздің елімізде етті бағыттағы бұқашықтарды өзіндік өнімділігі бойынша сынау сиырдан ажыратылғаннан кейін (7–8 айлық жасынан) 12 айлық жасқа дейінгі бақылау өсіру кезеңінде жүргізіледі.

Шетелдік тәжірибеде де бұқашықтарды сынаудың бұл мерзімі кеңінен қолданылады. Мұндай кезеңнің артықшылығы – жас малдың өзіндік өнімділігі туралы толық мәліметті ерте жаста алу және оларды болашақта пайдалану бағытын нақты айқындау мүмкіндігі. Ерте жаста іріктеу жүргізу селекциялық белгілерді жақсартуға, ет өндіру тиімділігін арттыруға және жоғары өнімді мал қалыптастыруға жағдай жасайды.

Малдың генетикалық құндылығын фенотиптік көрсеткіштер мен популяциялар арасындағы айырмашылықтарға сүйене отырып есептеуге мүмкіндік беретін бағалау әдістемесі қажет. Әлемдік тәжірибеде мұндай әдістердің бірі — ең жақсы сызықтық бейтарап болжам (BLUP әдісі).

BLUP әдісін бейімдеп, селекциялық тәжірибеге енгізу отандық және шетелдік селекциядағы мамандандырылған етті тұқымдардың генетикалық прогресін едәуір жеделдетуге мүмкіндік береді [7].

Тұқымды жетілдіру жұмыстарын Қазақстандағы жетекші ғылыми ұйымдар — Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті (БҚИТУ), Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (БҚАТУ), Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ғылыми-зерттеу институты (ҚазМШЖӨҒЗИ), Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті (ҚазҰАЗУ), Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті (ҚазАТЗУ), сондай-ақ агроқұрылымдар мамандары мен мал өсірушілер Республикалық қазақтың ақбас тұқымы палатасымен тығыз байланыста жалғастырып келеді.

Аталған Палата тек ұйымдастырушылық қызмет атқарып қана қоймай, тұқымға қатысты барлық табындар бойынша ақпаратты жинақтайтын, сақтайтын және өндейтін негізгі орталық (ИАС базасы) болып табылады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Насамбаев Е. Диссертация на соискание ученой степени доктора сельскохозяйственных наук. Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана. Состояние и пути совершенствования скота казахской белоголовой породы в условиях сухих степей / 06.02.01 - Разведение, селекция, генетика и воспроизводство сельскохозяйственных животных, Научный консультант- доктор сельскохозяйственных наук, профессор, Заслуженный зоотехник РФ Ф.Г. Каюмов, Оренбург 2006 434 с.

2. Карымсаков Т.Н. Эффективность оценки племенной ценности быков-производителей по качеству потомства методом BLUP / Насамбаев Е.Г., Карымсаков Т.Н. // Известия Оренбургского государственного аграрного университета. -2021. -№3 (89). –С. 278-280.

3. Насамбаев Е.Г. BALANCED FEEDING OF BEEF CATTLE IN THE DRY STEPPE AND SEMI-DESERT ZONES OF WESTERN KAZAKHSTAN / Ахметалиева А.Б., Батыргалиев Е.А., Нугманова А.Е., Кулбаев Р.М. // Том 2 №2 (75) (2024): Ғылым және білім.

4. Насамбаев Е.Г. Испытание и отбор бычков по собственной продуктивности как метод повышения генетического потенциала продуктивности животных / К.К. Бозымов, С.К. Абугалиев, А.К. Жолдасбеков, А.О. Досжанова, В.И.

Косилов, Н.В. Старцева // Известия Оренбургского государственного аграрного университета 2025 №1 (111) С.231-239

5. Насамбаев Е.Г. Оценка бычков на основе их собственной продуктивности как передовой подход к повышению производственных характеристик мясного скота / Р.Ф. Третьякова, В.М. Сергеевич, А.Ф. Сафарович // Животноводство и кормопроизводство. - 2024. - Т. 107, № 3. - С. 25-35. 2025

6. Насамбаев Е.Г. Испытание бычков по собственной продуктивности как метод совершенствования селекционно-племенной работы породами скота / А.Б. Ахметалиева, А.Е. Нуганова, А.И. Кузьмин, С.Н. Шушаков // Ғылым және білім - Наука и образование-Science and education. - 2023. -№ 1-2 (70). Ч. II. - С. 43-57.

7. Насамбаев Е.Г. Программа по совершенствованию селекционно-племенной работы с казахской белоголовой породой. / А.М. Наметов, Ә.С. Шәмшідін, А.Б. Ахметалиева, Е.А. Батыргалиев, И.С. Бейшова, Т.К. Бексейтов, И.М. Брель-Киселева, Д.А. Матакбаев, С.М. Есенгалиева, А.Е. Нугманова, Б.Б. Утельбаев, А.М. Ковальчук, Р.М. Кулбаев // - Уралыск: ЗКАТУ им. Жангир хана. - 2023. - 57 с.

## REFERENCES

1. Nasambaev, E. Sostoyanie i puti sovershenstvovaniya skota kazahskoj belogolovoj porody v usloviyah suhih stepej. [The state and ways of improving Kazakh Whiteheaded cattle in dry steppe conditions.]. // Dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni doktora sel'skohozyajstvennyh nauk. 06.02.01 - Razvedenie, selekciya, genetika i vosproizvodstvo sel'skohozyajstvennyh zhivotnyh. Nauchnyj konsul'tant - doktor sel'skohozyajstvennyh nauk, professor, Zasluzhennyj zootehnik RF F.G. Kayumov. – Orenburg, (2006): – 434 s. – (In Rus)

2. Nasambaev, E. G., Karymsakov, T. N. Effektivnost' ocenki plemennoj cennosti bykov-proizvoditelej po kachestvu potomstva metodom BLUP // Izvestiya Orenburgskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. [Efficiency of evaluating the breeding value of sire bulls by the quality of offspring using the BLUP method.]. – (2021): – № 3 (89). – S. 278-280. – (In Rus)

3. Nasambaev, E. G., Ahmetalieva, A. B., Batyrgaliev, E. A., Nugmanova, A. E., Kulbaev, R. M. Balanced feeding of beef cattle in the dry steppe and semi-desert zones of Western Kazakhstan // Gylym zhane bilim. – 2024. – Vol. 2, № 2 (75).

4. Nasambaev, E. G., Bozymov, K. K., Abugaliev, S. K., Zholdasbekov, A. K., Doszhanova, A. O., Kosilov, V. I., Starceva, N. V. Ispytanie i otbor bychkov po sobstvennoj produktivnosti kak metod povysheniya geneticheskogo potenciala produktivnosti zhivotnyh // Izvestiya Orenburgskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. [Testing and selection of young bulls by their own productivity as a method of increasing the genetic potential of animal productivity.]. – (2025): – № 1 (111). – S. 231-239. – (In Rus)

5. Nasambaev, E. G., Tret'yakova, R. F., Sergeevich, V. M., Safarovich, A. F. Ocenka bychkov na osnove ih sobstvennoj produktivnosti kak peredovoj podhod k povysheniyu proizvodstvennyh harakteristik myasnogo skota // Zhivotnovodstvo i kormoproizvodstvo. [Evaluation of young bulls based on their own productivity as an advanced approach to increasing the production characteristics of beef cattle.]. – (2024): – Т. 107, № 3. – S. 25-35. – (In Rus)

6. Nasambaev, E. G., Ahmetalieva, A. B., Nuganova, A. E., Kuz'min, A. I., Shushakov, S. N. Ispytanie bychkov po sobstvennoj produktivnosti kak metod sovershenstvovaniya selekcionno-plemennoj raboty porodami skota // Gylym zhane bilim - Nauka i obrazovanie - Science and education. [Testing of young bulls by their own productivity

---

as a method of improving selection and breeding work with cattle breeds.]. – (2023): – № 1-2 (70). Ch. II. – S. 43-57. – (In Rus)

7. Nasambaev, E. G., Nametov, A. M., Shamshidin, A. S., Ahmetalieva, A. B., Batyrgaliev, E. A., Beishova, I. S., Bekseitov, T. K., Brel'-Kiseleva, I. M., Matakbaev, D. A., Esengalieva, S. M., Nugmanova, A. E., Utelbaev, B. B., Koval'chuk, A. M., Kulbaev, R. M. Programma po sovershenstvovaniyu selekcionno-plemennyj raboty s kazahskoj belogolovoj porodoy. [Program for improving selection and breeding work with the Kazakh Whiteheaded breed.]. – Ural'sk: ZKATU im. Zhangir hana, (2023): – 57 s. – (In Rus)